

Мырзахан Инабат Өмірханқызы*ina.9816@gmail.com*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» кафедрасы 2 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., доцент м.а. Шоқан Р.

Қазақстан Республикасы әр түрлі кәсіпкерлік салаларын дамыту тұрғысынан келешегі зор және белсенді дамып келе жатқан мемлекет. Республика үкіметі кәсіпкерлерге белсенді қолдау көрсетуде. Кәсіпкерлікті тіркеу, лицензиялаудың жеңіл құралдары жасалуда, салық салудың жеңілдіктері және басқа да қолайлы жағдайлар ұсынылуда. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев тарапынан кәсіпкерлікті дамытуға көп көңіл бөліп, елімізде бизнес ашу және жүргізу үшін барлық қажетті жағдайларды жасауда. Ерекше назарды Ел басшысының Жолдауында мазмұндалған, «шағын, әсіресе микробизнес еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқарады. Ең алдымен, ол ауыл мен қала тұрғындарының тұрақты жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етіп, нәтижесінде жұмыссыздықты азайтады. Сондықтан да мемлекет бизнеске қолдау көрсетуін жалғастыруда»- деген ұстанымына ерекше назар аудару қажет. Қазақстандағы кәсіпкерлікті кешенді қолдаудың тиімді, әрі қажетті құралдарының бірі болып 2025 жылға дейін созылған «Бизнестің жол картасы - 2025» Мемлекеттік бағдарламасы табылады. Бағдарлама мақсаты — қазіргі жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңаларын құру, өңірлік кәсіпкерліктің ел экономикасының шикізаттық емес салаларындағы тұрақты әрі теңгерімді өсімін қамтамасыз ету. Өткен жылы кәсіпкерлікті қолдау мақсатымен Үкіметтің «Қарапайым заттар экономикасы» басым жобаларды несиелендіру Бағдарламасы жүзеге асырылып, бірқатар өзге мемлекеттік бағдарламалар жетілдірілді.

Соңғы жылдары Қазақстанда туристік саладағы кәсіпкерлік серпінді дами бастады, ол өз атынан, өз тәуекеліне, өзінің мүліктік жауапкершілігіне жеке және заңды тұлғалардың пайда алуға бағытталған қызметін жүзеге асыратын бастамашыл, дербес кәсіпкерлік қызметі болып табылады. Шағын бизнестің кәсіпкерлік әлеуетін ашу туризмдегі шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мақсатты бағдарламалары саласындағы мемлекеттің белсенді саясатын болжайды. Туризмде шағын кәсіпкерлікті реттеудің тікелей заңнамалық базасының болмауы шағын кәсіпкерлік сегментінің ғана емес, сонымен қатар туристік қызметтер нарығының құрамдас салаларының да тежеуші тетіктерінің бірі болып табылады.

Кәсіпкерлік қызмет-бұл туристік өнімдер мен қызметтерді жоспарлау, өндіру және сату процесінде туындайтын әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесі. Бұл қатынастар әртүрлі бағыттағы кәсіпорындардың нарықтық қатынастар жүйесінде көптеген ұқсастықтары бар процестерге және заңдылықтарға негізделген. Кәсіпкерлік қызметтің басты мақсаты-тиімді экономикалық тетіктерді және әдістерді қолдану арқылы алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу[1].

Туризмдегі кәсіпкерлік қызметтің дамуы қазіргі кезде туристік ағымдардың өсуімен, көптеген жаңа туристік кәсіпорындардың қалыптасуымен және туристік инфрақұрылымның пайда болуымен сипатталады. Еліміздің саяси және экономикалық жағдайы туризмдегі кәсіпкерліктің дамуына қатты әсер етеді. Жаппай туризмнің қарқынды өсуі туристерді қабылдайтын аймақтарда инфрақұрылымдық өзгерістерге әкеледі. Демек, туризмдегі кәсіпкерлік қызмет оны терең ғылыми зерттеу, даму заңдылықтарын ашып, оның негізгі тенденцияларын табу қажеттілігін туғызады. Әсіресе, туризмдегі кәсіпкерліктің инфрақұрылымдық қолдауын зерттеуге баса назар аудару қажет, өйткені бұл дәл туризмнің табысты дамуының қажетті шарты және туристік ағынның өсуінің басты факторы.

Қазақстан Республикасының аумағында шағын кәсіпорын деп жеке, муниципалдық, мемлекеттік меншікке, жарғылық капиталындағы үлесі 25% - дан аспайтын қоғамдық

бірлестіктердің меншігіне, сондай-ақ заңдарда тыйым салынбаған қызметті жүзеге асыратын және осындай кәсіпорындардың жарғыларында көзделген мақсаттарға сай келетін аралас меншік нысанына негізделген кәсіпорындарды атайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мыналар жатады:

- жұмыскерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын дара кәсіпкерлер;
- жұмыскерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын және активтерінің жылдық орташа құны 60000 еселенген АЕК-тен аспайтын заңды тұлғалар.

Туристік қызметтер нарығындағы шағын кәсіпкерлік секторы туристік агенттіктер мен шағын қонақ үй кәсіпорындарының қызметі түрінде ұсынылған. Бұл қызмет түрлерінің маңызды сипаттамасы шағын бизнес үшін қолайлы, капиталды тұтыну және қызметкерлердің орташа саны.

Шағын кәсіпкерлік қызметіндегі ерекшеліктер ішкі және сыртқы себептермен, шағын кәсіпкерліктің жұмыс істеу шарттарымен анықталады. Шағын фирмалардың тәжірибесі көрсеткендей, кәсіпкерлік тәжірибе мен ептіліктің өзі жеткіліксіз [2]. Туристік нарықтың жұмыс істеу ерекшелігі мыналармен анықталады:

- тұтынушылардың сұранысы мен ұсынысы арасындағы өзара әрекеттесудің жаңа формаларының үнемі өсуі;
- бизнесті ұйымдастырудың кәсіпкерлік құрылымдарының жаңа түрлерінің өсуі [3].

Бұл шағын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын субъектілерге белгілі бір талаптардың туындауын негіздейді. Олардың арасында мыналарды бөлуге болады:

- туризмдегі шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу негіздерін білу;
- туристік қызметтер нарығының жұмыс істеу ерекшеліктерін білу;
- басқарушылық шешім қабылдау дағдыларының қол жетімділігі;
- нақты бизнес құрылымдарын басқару саласындағы білімнің болуы.

Туризм саласындағы шағын кәсіпорындар әдетте жеке, отбасылық және бірлескен бизнес түрінде құрылады. Бизнесті жүргізудің кең таралған ұйымдық-құқықтық нысаны жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады. Тұтастай алғанда, нарықтағы кәсіпкерлік қызметтің субъектілері келесі қатысушылар бола алады:

- жеке тұлғалар;
- коммерциялық емес ұйымдар;
- коммерциялық ұйымдар (ЖК, ЖШС, АҚ).

Туристік кәсіпорын деп заңды тұлғаның құқықтары бар, туристерге қызметтер көрсетуді қалыптастыруды, ілгерілетуді және (немесе) өткізуді жүзеге асыратын дербес шаруашылық жүргізуші субъект, сондай-ақ заңдарда тыйым салынбаған және оның жарғысында көзделген қосалқы шаруашылық қызметінің басқа да түрлері түсініледі.

Қазіргі таңдағы туризмдегі кәсіпкерліктің жағдайына тоқталатын болсақ, коронавирус салдарынан туризмнің барлық түрлерінде – келу, шығу, сыртқы және ішкі туризмдегі туристік маусым өте ауыр жағдайды бастан кешіруде.

Шағын және орта бизнес рөлінің маңыздылығын COVID-2019 пандемиясына байланысты елде төтенше жағдай режимін енгізуге байланысты соңғы оқиғаларға байланысты көріп отырмыз. Осы күрделі кезеңде шағын және орта бизнесті қолдау үшін мемлекет салықтардың және басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерін төлеуді 3 ай мерзімге кейінге қалдыру, ШОБ үшін ЖАО мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жылжымайтын мүлік объектілерінің жалдау төлемдерін есептеуді 20 наурыздан үш айға тоқтата тұру және т. б. бойынша шаралар қабылдаған. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Ұлттық Банкке қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп, коронавирустан зардап шеккен ШОБ-тың айналым капиталын қарыз алушы үшін 8% ставка бойынша 1 жыл мерзімге 600 млрд теңге сомаға жеңілдікті кредиттеуді қамтамасыз ету туралы тапсырма берді. Осы дағдарыс кезеңінде сыртқы ортаның өзгерген жағдайларына бейімделе алған және өз қызметінде цифрлық технологияларды қолдана алған кәсіпкерлер нарықтағы өз позицияларын нығайтуда.

Статистикалық деректер бойынша 2020 жылы Қазақстанда 590 туроператор, 2157 турағанеттік, 3630 орналастыру орны қызмет көрсеткен; туристік салада 80 мыңнан астам адам

жұмыс істейді, олардың шамамен 90%-ы – әйелдер; туристік қызмет көрсету саласындағы орташа айлық еңбекақы 100 мың теңгені құрайды, орналастыру саласында – 124 мың теңге, шипажай-курорт саласында – 90 мың теңге [4].

Орын алған жағдайда дағдарысқа қарсы және шағын кәсіпкерлікті сақтап қалу мақсатында келесі шараларды қабылдау маңызды:

Бірінші – даму шаралары – карантин кезеңінде 2020-2021 жылдардағы туристік маусымға толық дайындық жүргізу керек:

1. Анағұрлым танымал турмаршруттар бойы туробъектілеріне толық инвентаризация жүргізу;
2. Жоғарыда аталған объектілерді жөндеу, реконструкциялау және жаңарту;
3. Музейлерге кешенді жаңарту жүргізу;
4. Қытай 5А рейтингі мысалы бойынша сәулет орындарына бағалау стандарттарын енгізу;
5. Қолөнер орталықтарын ашу және т.б.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін салалық қауымдастық және «Атамекен» ҚР ҰКП-ны жұмылдыру. Жоғарыда аталған шаралардың операторы ретінде «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ты белгіленді.

Екінші – дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар:

- ҚР Мәдениет және спорт министрлігі және ҚР Сыртқы істер министрлігі шетелдік туроператорлар және қонақүйлерге қаражатты айыппұлдық санкциясыз қайтару мәселесін шешеді.

- 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін турбизнес ұйымдары, шипажай-курорт ұйымдары және қонақүй шаруашылықтарына салықты (ҚҚС, КТС, ӘС, ЖТС, ӘА, МӘМС) және әлеуметтік төлемдерді өсімақы және айыппұлдарсыз төлеу бойынша уақытша мораторий енгізу;

- төтенше жағдай кезеңінде кеңсені жалдау құнын өтеу немесе алып тастау мүмкіндіктерін қарастыру;

- төтенше жағдай кезеңінде туристік сала өкілдеріне ағымдағы банк қарыздары бойынша міндеттемелерін орындауды кейінге шегеру, сондай-ақ жұмысшылардың тұтынушылық және ипотекалық заемдары үшін пайыздар мен айыппұлдарды алып тастау;

- туроператорларды рейстердегі қатаң блоктар шарттарын орындаудан босату, айыппұлдық санкцияларды қолданбау (ҚР Азаматтық авиация комитеті тарапынан қолдау тапты);

- авиабилеттерді қайтаруды мәжбүрлі бас тарту ретінде айыппұлдарсыз аннуляциялау;

- туроператорларға ІТЕСА халықаралық көрме бойынша жасалған төлемдерін қайтару.

Үшінші – дағдарысқа қарсы жүйелі шаралар:

- туристік индустрия кәсіпорындарына айналым қаражаттарына берілген несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды қамтамасыз ету;

- туристерге қаражатты қайтару үшін 2-3 жылға дейін пайызсыз және кепілзатсыз несие беру;

- шипажай-курорт саласы қызметкерлеріне ең төменгі күнкөріске бюджеттен қаражат бөлу арқылы шипажайларды субсидиялау;

- республикалық бюджет есебінен туристік сала субъектілерінің орынжайды жалға алу құны және коммуналдық төлемдерін (электр энергиясы, көмір, газ, сұйық отын, ыстық су) субсидиялау немесе 50%-ға төмендету;

- көшпелі туризм туроператорларын 2020 жылға «Туристік Қамқор» корпоративтік қорына банк кепілдігін беруден босату, өйткені көптеген компанияда осы төлемдерге қаражат жоқ;

- іскерлік белсенділік жанданғанға дейін бар жұмыс орындарын сақтап қалу үшін туристік компаниялардың еңбекақы төлеу қорын республикалық бюджет есебінен толық немесе 50%-ға дейін ішінара субсидиялау. Кәсіпорындардың штаттық саны туралы ақпарат негізінде 2-3 ай бойы ең төменгі еңбекақы және кеңселерді ұстау қаражатын төлеу [5].

Соңғы жылдары Қазақстанда бизнесті жүргізу үшін жағдайлардың үнемі жетілдірілуі байқалуда, кәсіпкерлерді қолдаудың түрлі мемлекеттік тетіктері құрылуда, алайда ШОБ дамыту үшін толықтай жағдай жасалмаған. Мемлекет кәсіпкерлерді олардың бизнесін цифрландыруға тартуы қажет, бұл операциялық қызметті оңтайландыруға, өндіріс пен өткізу шығындарын қысқартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ШОБ-тың жаһандық нарықтар мен желілерге шығуына мүмкіндік береді. Бизнес-ахуалды жақсарту жөніндегі реформалардың 8-пакетіне үлкен үміт артылады, ол елдегі ШОБ пен жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін трамплин болуы мүмкін, соның арқасында экономикада мультипликативтік өсу орын алады, ол басты мақсатқа "Қазақстан – 2050" Стратегиясына белгіленген міндеттерге қол жеткізуге, атап айтқанда елдің ЖІӨ-де кемінде 50% - ды құрайтын қуатты ШОБ болып табылатын әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Морозов М.А. Экономика и предпринимательство в социально-культурном сервисе и туризме / М.А.Морозов. – М.:Академия,2009.-340 б.
 2. Папирян Г.А. Туризм экономикасы.- 2-ші басылым /Г.А.Папирян. – М.:Новое Знание,2011. – 546 б.
 3. Ақтымбаева Б.И. Туризмдегі кәсіпкерлік қызмет негіздері Оқу құралы,2012.
 4. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы сайты [Электрондық ресурс] / 2020 жыл - . – Қол жеткізу режимі: stat.gov.kz, тегін
- «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы сайты [Электрондық ресурс] / 2020 жыл - . – Қол жеткізу режимі: atameken.kz, тегін

УДК 338.48

ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РАЗВИТИЯ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Нагманова Сабина Аманжоловна

snagmanova@inbox.ru

Студентка 4-го курса специальности «Туризм»

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель – А.Т. Тлеубаева

Казахстан – одна из самых красивых и богатых историко-культурными ресурсами страна. Обладая богатейшей историей и культурой, мы стоим перед проблемой создания современной и качественной индустрии туризма, способной привлечь иностранных, а также отечественных туристов. Исходя из опыта зарубежных государств, можно сделать вывод о том насколько сильно может повлиять развитие туризма на экономику всей страны. Только мы всё еще в это не верим. Например, по данным Всемирной Организации по Туризму при ООН (UNWTO), в 2019 г. количество туристов в мире превысило 1 млрд. чел., а Американская Ассоциация Путешествий считает, что каждые 35 иностранных гостей являются катализатором создания в США одного рабочего места [1]. Ведь, это достаточно весомые цифры для того, чтобы уделить развитию туризма должное внимание. Но при этом, конечно, нельзя говорить, что в нашей стране вовсе не предпринимаются меры по развитию, поэтому ниже мы рассмотрим проблемы и пути развития историко-культурного туризма в Казахстане.

Для начала нужно понять, что такое историко-культурный туризм и какими ресурсами должна обладать страна для развития данного вида туризма. Необходимо сказать, что историко-культурный туризм – это достаточно обширное и значимое направления для любой страны. По мнению российского ученого Е.В. Колотовой, историко-культурный туризм — это потенциал страны, включающий всю социокультурную среду с традициями и обычаями, особенностями бытовой и хозяйственной деятельности. А также она упоминает о том, что для